



## Құттықтау!

### Білім саласындағы еңбегіміз жана берсін!

Биыл Қазақстан халқы үшін ерекше жыл, сан ғасыр армандаған егемендікке жеткенімізге 30 жыл! Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы көп қиындықты еңсеріп, бірталай жетістікке жетті. Мемлекет ретінде іргеміз бекіп, қоғамда мемлекетшіл сана қалыптасып келеді. Білім беру саласы да жаңа заманға сай жетіліп, жан-жақты, білімді жасстар өсіп шықты. Заманның ағымы бәсекең күннен күнге күшейіп келе жатқанын айқын көрсетсе де, еліміздің жасстары осы үдеден барынша шығып жүр. Оған жоғары оқу орнында бірталай жыл жұмыс істеген тәжірибем куә. Бұл бір жағынан бізді қуантса, екінші жағынан жоғары оқу орындарының жауапкершілігін одан сайын арттырады. Ендігі жерде ЖОО-ның оқытушылары мен қызметкерлеріне деген талап күшейетінін білдіреді. Біздің университеттің 30 жылда жеткен жетістігіне көз жүгірткенде келер жылдардағы қыруар істі де бір кісідей жұмылып атқаратынымызға көзім жете түседі! Оған біздің ұжымның әлеуеті мен татулығы кепіл болатынына да сенім мол!



Қуат БАЙМЫРЗАЕВ,  
Басқарма төрағасы - ректор

Құрметті, әріптестер, педагогтар, студенттер!  
Сіздерді Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен және келе жатқан 2022 жылмен құттықтаймын! Осы оқу орнында қызмет ететін, білім алатын әрбір азаматтың еңбегіне табыс, дейіне саулық, жақындарына амандық тілеймін!!!  
Білім саласындағы еңбегіміз жана берсін!!!

## МЕШІҚ ҚАЗАҚСТАНЫМ



2 бет

## Әріптесіміз «Samgau» Жұлдісін алды



5 бет

## РУХАНИ ЖОЛ КӨРСЕТЕТІН НАҚТЫ БАҒДАР



6 бет

## ГЕРОИ СРЕДИ НАС



7 бет

# Тәуелсіздік – ҚЫМБАТ ҰҒЫМ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай университет Медиаорталығы білімгерлер арасында «Тәуелсіздік – қымбат ұғым» атты мақалалар байқауын жариялаған еді. Байқау қорытындысы мереке қарсаңында шығып, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиында оқу орнының ректоры Қуат Маратұлы жеңімпаздарға диплом мен арнайы сыйлықтар табыстады. Қаламы жұпірік, жазуға талабы бар білімгерлердің мақалаларын оқырман назарына ұсынамыз.

## ЕГЕМЕНДІК – ӨРКЕНДЕУ МЕН ДАМУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ЖАҢА ДАҢҒЫЛ

(1 орын)

Адамзат тағылық тіршіліктің түнегінен шығып, өркениет ошағын тұтатқалы бері дүниедегі көз келген заттың өлшемі һәм құны бар. Қарыштап дамыған жүзжылдықта адам төңірегіндегі құн арқылы таниды. Алып атырапты ата қоныс қылған қазақтың танымында «қымбат» және «құн» деген қос ұғымның алар орны ауқымды. Дала жұрты үшін қолда бардың бәрі де қастерлі бола бермеген. Қазақ үшін «құны» жоғары игілік қана «қымбат» саналды. Міне, сондықтан біз қымбат дейтұғын әр ұғымның құны болады.

Тәуелсіздік жайлы толғанғанда оны ұдайы құнды деп жатамыз. Ол жалпақ жұрттың жадына сіңіп, құлағы үйреніп кеткен сөз. Әйтсе де, осы бағасы зор ұғымның арғы жағына үңіліп, оның нақ құнының қандай және нәліктен қымбат екенін тереңінен түсіне бермейміз. Епті зергердің қолынан шыққан зүмірт жүзік, жылтыр тасы, алтын темірі болғанынан құны жүз атанға теңеледі. Ал, біз ұдайы қымбат дейтін тәуелсіздіктің құны қандай игіліктермен айқындалады? Жеті атасы күресіп, жетінші ұрпағының қолы жеткен тәуелсіздік нәліктен қымбат? Қазаққа ықылымнан қасиетті болып келе жатқан дербестіктің нақ құны қандай?

(Жалғасы 4-бетте)



**ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ  
«МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» АТТЫ УНИВЕРСИТЕТТІЛІК  
ФЕСТИВАЛЬ**

**МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ**

ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНЫҢ 10 КҮНІ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ АЯСЫНДА «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» АТТЫ УНИВЕРСИТЕТТІЛІК ФЕСТИВАЛЬ ӨТТІ. САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДЫ УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ ҚУАТ БАЙМЫРЗАЕВ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗБЕН АШЫП, ОҚУ ОРНЫНДА ӨТКЕН «ЕКІ ЖҰЛДЫЗ», «АЙДЫҢ ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕРІ», «ISQ – ZHU SUP» ДЕБАТ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БІЛІМ АЛҒАН, ҚАЗІР ӘР САЛАДА ТАБЫСТЫ ЕҢБЕК ЕТІП ЕЛ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН 30 ТҮЛЕКТІ МАРАПАТТАДЫ.

«Айдың үздік қызметкері» байқауында «Үздік бөлім қызметкері» номинациясы бойынша имидждік саясат орталығының имиджмейкері Балжан Бауыржанқызы жеңіске жеткен еді.

Факультетаралық оқытушылар мен білімгерлер арасындағы «Екі жұлдыз» ән байқауында 3 орынға Техникалық факультетінің оқытушысы Болат Тұрғанбекұлы мен студент Жақсыбек Сырым ие болса, 2 орынды Дене шынықтыру және өнер факультетінің оқытушысы Маржан Мұратқызы мен білімгері Ақбота Сабыржанова алды, ал 1 орынға гуманитарлық факультет оқытушысы Айдана Серікболқызы мен білімгер Оразалы Сырым лайық деп танылды.

«ISQ – ZHU Sup» факультетаралық

дебат ойындарында 3-орынға ие болған «Zhansugurov» college-нің студенттері Сапар Сұлтан және Әуел Әлішер, 2-орынға гуманитарлық факультет студенттері Нұрасыл Жасқайратұлы мен Дарынбек Жұмабекұлы ие болса, 1-орын Жаратылыстану факультетінің студенттері Шырын Шаяхмет және Назым Уақышеваға бұйырды.

Осы кеште Ректордың алғыс хатымен Startup Weekend Climate Change шарасында жеңіске жеткен «Zhansugurov college»-нің IT ZHANSUGUROV командасы да марапатталды. Олар өздерінің «Wind Turbine Calculation» – жел генераторларын орнату орны мен өнімділігін анықтауға болатын қызмет жобасын ұсынған болатын.

**▶ СПОРТ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**
**ШАҒЫН ФУТБОЛ**


Шағын футболдан I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенттері арасында «Басқарма Төрағасы - Ректор кубогі» жарысы өтті. Дәстүрлі шараға университет факультеттері мен «Zhansugurov college» студенттері қатысты. Сайыс салауатты өмір салтын насихаттап, жастар арасында жолдастық қарым-қатынасты нығайтуды көздейді. Осы жарыста көзге түскен үздік ойыншылар футболдан ұлттық студенттік лига жарысына қатыса алады.

Жарыс Қазақстан футбол федерациясы бекіткен ереже бойынша өтті. Командалар екі топқа бөлініп, айналмалы әдіспен ойнады. Нәтижесінде құқық және экономика факультетінің студенттері үздік ойын көрсетіп, жеңімпаз атанды. Техникалық факультетінің ойыншылары 2 орынды иеленді. Ал, «Zhansugurov college»-нің жас спортшылары 3 орынға табан тіреді. Командалар «Ректор кубогі» және грамоталармен марапатталды.

**ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЖЕҢІС**

I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенті Данияр Орманғали Халықаралық марафон жарысында 21 шақырымға жүгіруден 1 орынды жеңіп алды.

Жарыс 14 қараша күні Түркістан қаласында өткен еді. Данияр университетіміздің дене шынықтыру және өнер факультеті, дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс студенті.


**САЛТАНАТТЫ  
МАРАПАТ**

14 ЖЕЛТОҚСАН КҮНІ I.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ «ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗГЕ 30 ЖЫЛ!» АТТЫ МАРАПАТТАУ САЛТАНАТЫН ӨТКІЗДІ. ШАРА БАРЫСЫНДА ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕКТОРЫ ҚУАТ МАРАТҰЛЫ ЕЛІМІЗДІҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА АЙТУЛЫ ҮЛЕС ҚОСҚАН ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР МЕН УНИВЕРСИТЕТТІҢ ДАМУ ЖОЛЫНДА ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН БӨЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ДИПЛОМДАР МЕН АЛҒЫС ХАТТАР ТАБЫС ЕТТІ.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Мемлекет басшысының Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалмен Алматы облысының білім беру саласындағы жоғары білікті мамандар даярлау, жастарға білім мен тәрбие беру ісіне сіңірген қомақты үлесі, жоғары кәсіби шеберлігі және көп жылғы педагогикалық қызметі үшін, Филология білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к. Наилә Жұмағалиқызы, Құқық және экономика факультетінің деканы, PhD докторы Бауыржан Рысбекұлы;

ҚР Президентінің 2021 жыл 2 желтоқсандағы Жарлығы бойынша «Халық алғысы» медалімен Гуманитарлық факультет деканы Амангелді Ғабдылқаримұлы марапатталды.

Білім саласында жас ұрпақты тәрбиелеудегі және оқытудағы жемісті еңбегі мен қоғамдық өмірдегі белсенді азаматтық ұстанымы үшін Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың Алғыс Хаты педагогика ғылымдарының кандидаты, шығармашылық оқыту білім беру бағдарламаларының жетекшісі Аида Кажмұханқызына, филология ғылымдарының кандидаты, гуманитарлық факультеттің қауымдастырылған профессоры Мәмиля Тұрғамбайқызына, экономика ғылымдарының кандидаты, құқық және экономика факультетінің оқытушы-дәріскері Мейрамбала Бейсембекқызына берілді.

Білім және тәрбие жұмысын жетілдіруге үлес қосқан, білім беру қызметінде лауазымдық міндетін жауапкершілікпен атқарған Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығының директоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты Гүлмира Кеңесқызына, Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының оқытушы-дәріскері Надежда Ханинаға, Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, доцент Гүлнар Оңалбайқызына, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімінің бас әдіскері Құлмария Нұртайқызына, Персоналды басқару және құжат айналымы бөлімінің бас маманы Нұргүл Бахытханқызына Жетісу университетіне сіңірген ерен еңбегі үшін «Ілияс Жансүгіров атындағы» төсбелгісі тағылды.

Ал ректордың «Құрмет грамотасымен» Педагогикалық информатика бойынша білім беру бағдарламаларының оқытушы-дәріскері Набира Сағидуллақызы, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша білім беру бағдарламаларының оқытушы-дәріскері Нуржан Сатыбалдулы, Әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша білім беру бағдарламаларының оқытушы-дәріскері

Лаура Сакенқызы, Есеп және қаржы саласы бойынша білім беру бағдарламаларының оқытушы-дәріскері Әсел Какенқызы, Оқыту және тәрбиелеу әдістемелері білім беру бағдарламаларының оқытушы-дәріскері Гүлмира Сабырқызы, Тіркеу офисінің тіркеушісі Үмітгүл Әкімжанқызы, Персоналды басқару және құжат айналымы бөлімінің жетекші маманы Жазира Болатбайқызы, Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімінің басшысы Дәулет Сейітұлы, Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығының қосымша білім беру педагогы Альмира Қайратқызы;

Ректордың «Алғыс хатымен» Ғылым және ғылыми жобаларды коммерцияландыру бөлімінің басшысы Лаззат Наушабайқызы, Білім беру бағдарламаларын жаңарту жобалық офисінің бас әдіскері Айжан Нұрболатқызы, Медиаорталық дизайнері Нұржан Еркінұлы, «Zhansugurov College»-нің оқытушысы Айгүл Мақсұтханқызы, Ғимаратқа қызмет көрсету және аумақты абаттандыру бөліміне қарасты №1 жатақхана слесарь-сантехнигі Дидар Серікұлы, Педагогика және психология факультетінің лаборанты Гүлнар Жакыпқызы марапатталды.

Сонымен қатар, «Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» төсбелгісімен университеттің корпоративтік хатшысы Айдархан Исканұлы, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» Құрмет грамотасымен Гуманитарлық факультеттің оқытушы-дәріскері Гүлнұр Нығыметдолданқызы, Ғимаратқа қызмет көрсету және аумақты абаттандыру бөлімінің қойма меңгерушісі Гүлнар Ибрагимқызы, «Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясының аумақтық бірлестіктер Алматы облыстық кәсіподақ орталығының Құрмет грамотасымен Құқық және экономика факультетінің оқытушы-дәріскері Диас Бекмұқамбетұлы, «Алматы облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Құрмет грамотасымен Әскери кафедра аға оқытушысы, цикл бастығы Мейрамбек Мырзабайұлы, Техникалық факультетінің оқытушы-ассистенті Шынар Морякқызы, Қаржы-экономикалық бөлімі бас есепшінің орынбасары Мұқағали Мәдиұлы, Жаратылыстану факультетінің IT орталығының директоры Жалғас Ахметов, Педагогика және психология факультетінің декан хатшысы Ботагөз Шоқанқызы, Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор хатшысы Ақмөр Жамалқызы марапатталды.

Салтанатты кеш Талдықорған әуендері фольклорлы-этнографиялық ән-би ансамблінің әншілері мен студенттердің концертінде ұласты.

Қазақ тарихында елі үшін басын қатерге тігіп, тер төккен азаматтар аз емес. Солардың бірі – қазақ елінің алғашқы Конституциясының негізін салған, қазақ өлкесін Ресейдің отарынан шығаруды көздеп Жарғы жазған, шығыстанушы, заңгер, өзіміздің жерлесіміз Барлыбек Сыртанов. Барлыбек Сыртановтың арғы бабасы Қаптағай қол бастаған жаяу жүрек батыр әрі XV ғасырдағы Ақ Орда мемлекетінің ірі қайраткері болған, бергі атасы Қадірәлі XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Жетісу өлкесіне танымал от ауызды, орақ тілді ділмар, елдің дауын екі ауыз сөзбен шешкен атақты би болса, өз әкесі Сыртан да ел ішінде турашылдығымен, өткірлігімен көзге түскен батыр адам болған екен.

Әкесі Барлыбекті алдымен Верныйдағы ер балалар гимназиясына беріп, кейіннен 1886 жылы Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетіне оқуға жіберген. Талапты жігіт осы тұста Санкт-Петербург медицина университетінің 3 айлық курсына



Барлыбек Сыртанов. 1908 ж., Верный қаласы.

Қазақтың шұрайлы, сулы-нулы жерлері күшпен тартып алынып, орыс қара шекпенделеріне беріле бастағанда Барлыбек Сыртанов бұл басқыншылыққа үзілді-кесілді қарсы тұрады. Қазақ зиялылары бас қосқан 1905 жылғы Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесінде Ахмет Байтұрсынұв, Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаевтармен бірге Барлыбек Сыртанов та қазақ ұлтының жерге қатысты және өзгеде құқықтарын талап етіп Патшаға петиция жазады.

1910 жылы Ұзынағашта Жетісу өңірінің белсенділерінің басын қосып, кеңесте: «Жақсы жердің бәрі қара шекпенділердің меншігіне өтті. Жұртынан айырылған байқұс қазақ тақыр жерге қуылды. Ауыз ашпай жатуға енді болмас. Ояну қажет, кір жуып, кіндік кескен, аталарымыздан қалған жерімізді сақтап қалу басты міндетіміз. Қара шекпенділердің келуін тоқтату үшін бүтін қазақ болып бас қосу қажет», – деп халқына үндеу тастайды. Жетісудағы қазақ

жүздің қазақтарын Россияға бағынышты етті, – деп көрсетеді.

Қазақ елін тәуелсіз етіп, елі үшін жанын беретін, білімді азаматтардан сайлап, елін басқаратын Қазақ елі Ресей құрамынан шығып, республика құруды көздеген жарғыда негізгі 4 мәселе қарастырылды.

1. Қазақ елі республикасының жеке болуы;

2. Адам баласының құқықтары;

3. Қазақ елінің жері туралы;

4. Сот мәселесін қамтыды.

Жеке ел болу үшін туы болуы және Қазақ елі Ресейдің отары

емес, достастық, яғни доминион дәрежесіндегі қарым-қатынаста болып тұрады деп қарастырылған.

Мемлекеттегі ең жоғарғы орган – Ұлт мәжілісі, оған дауыс алып

өткендер Қазақ елінің басшысы Президентті төрт жылға сайлайды,

бір Президент екі реттен асып ел билеуге құқы жоқ және қазіргі Қазақстан Республикасының Конституциясында

бекітілген сияқты қазақ елінде билік жүргізу заң шығаратын (парламент), орындайтын (үкімет) және сот болатындығын, билік бір-біріне бағынбайды, бассыздыққа жол бермеудің белгісі болып тұрады, – деп

көрсетілді.

Азаматтардың құқықтары мен

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН – БАРЛЫБЕК СЫРТАНОВ

да оқып үлгерген.

Шығыстану факультетінде білім ала жүріп, араб, парсы, түрік, татар, орыс тілдерін меңгерген, белгілі химик Менделеевке химияға қатысты шығыстың ғылыми еңбектерін аударуға көмектескен.

Қазақ зиялыларымен қатар жүріп, білімін шыңдаған Б. Сыртанов патша өкіметінің тұсында бірқатар лауазымды қызметтер атқарған:

- 1891-1894 жылдары Ташкентте Түркістан генерал губернаторының қазыналық палатасында қызмет еткен;

- Түркістан генерал губернатор кеңсесінің бастығы қызметін атқарған;

- 1894 жылы 29 қыркүйекте Жетісу әскери губернаторының бұйрығымен облыстық басқарманың іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған;

- Ерекше тапсырмалар бойынша қызмет жасаған, Жетісу облыстық басқармасында қызмет еткен.

- 1903-1907 жылдары Б. Сыртанов Ресей мен Қытай шекарасының межесін тексеру ісіне қатысты комиссияның құрамында жұмыс жасаған;

- Жетісудағы ағарту ісіне де белсене араласады. Ол Қапалдағы өзінің ауқатты жерлестері Маман құттың балалары салдырған медресенің жадидтік бағытта білім беруіне ықпал етеді. «Айқап» журналы арқылы «Мамания» медресесіне оқымысты азаматтарды тартады. Сондай-ақ, Верный гимназиясының үлгісінде мектептер ашуға Матай мен Жалайырдың ауқатты кісілерін қаражат бөлуге үгіттейді. Верный гимназиясына қазақ балаларын көптеп тартып, соның арқасында Мұхамеджан Тынышбаев, Салық Аманжолов, Ораз Жандосов сынды азаматтар оқу бітіріп шығады.

Оның «Қазақ елінің жарғысын» (Конституциясын) жазуына негізгі себеп болған.

Біріншіден, Столыпин реформасынан кейін патша өкіметінің саясатымен орыстың шаруаларын Жетісу жеріне қоныс аударып, жергілікті халықты шұрайлы, жайылымды жерлерден айыруы;

Екіншіден, Қазақстанның Ресей құрамына енуі нәтижесінде оның отарына, арзан шикізат көзіне айналуы;

Үшіншіден, патша қолшоқпарларының жергілікті халыққа жасаған зорлық-зомбылығы мен озбырлығы;

- Төртіншіден, орыс патшасы Қазақстанды қоластына біріктіргеннен кейінгі кезеңде жасаған шартты бұзуы, қазақ жеріне бекіністер орнатып, жаулап алуды күшейтуі, қазақтың жерін, жеген нанын, ішкен суын тартып алып, айдалаға, құмға ығыстыруы әсер етті.

Столыпиннің жер реформасы кезінде

қырғыздың жер және өзгеде зар-мұңын талап етіп 1911 жылы Санкт-Петербургке барып, ұлықтарға шағым түсіреді. Сол жылы Санкт-Петербургте қыстаған Барлыбек осындағы бай кітапхананың мүмкіндігін пайдалана отырып, Әлихан Бөкейхановтың тапсыруы бойынша С.Б.Алашинский деген бүркеншік атпен 1911 жылы маусым айында Қазақ елінің алғашқы Конституциясын («Қазақ елі уставы») жазып шығады.

Жарғының кіріспе бөлімінде қазақ елінің көне ұлттардың бірі екендігін, тарихы тереңде және жеке ел ретінде өмір сүріп ұлан байтақ жерін жаудан қорғағанын, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдарда қалмақтардың күшті әскеріне бір байрақтың астында бас қосып, қалмақтарды күл-талқан жасағанын, бірақ Әбілхайыр хан асығыстық жасаумен Кіші

бостандықтарына қатысты мынадай мәселелерді қарастырды: адамдардың ұлтына, нәсіліне, жынысына қарамастан тең құқығы, еркін сөйлеу, ұйым құру, партияға кіру еркіндігі, соттың санкциясыз азаматты 24 сағатқа дейін ғана ұстау, азаматтардың хат-хабар құпиясы туралы қамтыды.

Жер саудаға түспейді, сатылмайды және жердің кені, орман, су, көлі һәм таулары қазақ елінің иесінде. Мал жаю, егін өсіру, үй салу, жерді өңдеу, жерді пайдалы іс мақсатында қазынаға қайтару мемлекеттің құзіретінде екендігі айқындалды.

Сот турасында: Сот билігі өз еркімен іске асатындығы, дау шешкенде ешкімге бағынбайтындығы, судьяларға қазақ тілін білуінің міндеттілігі, басқа нәсілдердің сотта өз тілдерінде сөйлеуге құқығы, ауыр қылмыстарға қатысты алқабилер сотының болуы, құрамының 7 адамнан құралуы, олардың партияға мүше болмауы туралы қарастырылды. Оның бұл идеяларының басым көпшілігі Алаш партиясының бағдарламасынан орын алды.

Өкінішке қарай, Б. Сыртанов 1914 жылы 48 жасында өкпе ауруынан қайтыс болып, Қапалда жерленген.

Аз ғана өмір сүрсе де, болашақ тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық негізін салған тұлға ретінде тарихта аты қалды және қазақтың оқыған, білімді, біртуар азаматтарының басын қосып, қазақ елінің жеке ел болуына, тәуелсіздікке қол жеткізу мен халықтың қамын ойлау туралы артында ешпес із қалдырып, қазіргі жас ұрпаққа үлгі боларлық іс тындырды.



Салтанат САЙДАХМЕТҚЫЗЫ,  
тарих ғылымдарының кандидаты,  
доцент қауымдастырылған профессор м. а.

# ЕГЕМЕНДІК – ӨРКЕНДЕУ МЕН ДАМУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ЖАҢА ДАҢҒЫЛ

(1 орын)

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Әріден қозғап, алаштың тарих шежіресіне көз жүгіртсек, қазақтың қамсыз күн кешкен заманы болған емес. Сақ болып сахараны билеген, ғұн болып ғұмырын ат үстінде өткізген қазақ ықылымнан бері азаттық үшін айқасумен келді. Шығыс пен Батыстың беттесер тұсындағы жауынгер халық, дүниенің екі шетінен төнген қатерге ғасырлар бойы төтеп берді. Тұмар патшайым күллі әлемге әмірін өткізген Кирдің басын алып, елінің егемендігін сақтағалы 3000 жылдай уақыт болды. Бостандық үшін алғашқы бұлқыныс болған осы уақиғадан бері жалаң қолмен жауын тоқтатып, ғазиз басын ұлы жолда құрбан еткендер аз болмады. 3000 жыл аралығында қазақ дәуірлеу заманын да, күйреу кезеңін де көрді. 3000 жыл ішінде дала азаттық идеясына толы аңыздардың өлкесіне айналды. Бұл мекеннен Шырақ сынды сан боздақ шықты. Осынау ерлікке толы өлдік даңғылында қанша жан опат болды? 3000 жылдық сапардың бодандық атты 300 жылдан тұратын эпипологында азат күн кешуге ұмтылған халық ешбір ұлт көрмеген сынға түсті. Ел қуғын көріп, аштыққа ұшырады. Қаймағы сыпырылып, қонысынан ауды. Атынан айрылып, затынан безді. Сайын дала, қанның исі мұңкіген медицинаға айналды. Қазақтың ұлт ретінде жойылып кетуіне сәл-ақ қалған сәттері де болды. Осы күнге жету үшін алаш сан сұрапыл сынақтан өтті. Тәуелсіздік жолы осыншалық азапты және ұзақ болса, бүгінгі берекелі заман мыңсан боздақтың қанымен келсе, ол қалайша қымбат болмасын?

Осынау күрес жылдары әуелгі мақсат қазақты жеке ел ету еді. 3000 жылды қамтитын егемендік жылнамасында дала жұрты кең байтақ мекенін сақтау үшін де шайқасты. Бабадан мұра болып қалған қасиетті топырақты ұрпақтар игілігіне қорыды. Бүгінде әр тасы, әр құмы, әр төбесі өткеннің ұлы ерліктерін үнсіз жырлап жатқан алып атырап, ұлы майданның жеңісі іспетті. Қойнына тарихтың сан құпиясын сақтаған қазақ жазирасы еркін дәуірді арман еткен аталардың аманаты. Топырағы байлыққа, жайлауы қазынаға толы қастерлі мекен алаш еркін өмір сүрсе ғана, бізге меншік бола бермек. Басымыздан бақ тайса, табанымыздағы топыраққа қожда да табыла кетеді. Төбесінде тәуелсіз дәуір барда қазақ өз жерін сақтап, мемлекеттігін түзей алады. Бұл жағдайда қалың қазаққа дербестік қалай қымбат болмасын?

Жиһан тарихында күші басымға тізе бүгіп, елдік жолында күрестен бас тартқан халықтар аз емес. Аласапыран айқастан қашқалақтап,



бағынуды құп көрген сан ұлт ассимиляцияға ұшырады. Нәтижесінде, азаттығынан ұлттық қадір-қасиеті мен болмысынан айырылды. Тәуелсіздік – ол халыққа бостандық қана беріп қоймайды. Ол ұлт ұғымының өрісін толтыратын бар құндылықтардың қорғанында тұрып, халықты бодандық диірменіне түсіп ұнтаққа айналадан сақтайды. Азат күн кешу хақын қан майданда қорғай алған ел, қолы жеткен егемендік арқылы бүгінгі мен ертеңін қатерден қорғайды. Осылайша, тәуелсіздік – ұлттың өзгеден именбей, көрші-қолаңымен тең сөйлесуге мүмкіндік беретін, бастысы халықты дұшпанның тепкісіне түсіп, жойылудан қорып қалатын қастерлі сауыт. Жалтақтаумен жан баққан жұрттың мына уақытта еңсе түзеп, аман қалуы мүмкін емес. Егемен ел ғана өмір сүру және бақытты болу мәртебесіне ие. Амандығымыз бен келешегіміз азаттық арқылы айқындалса, бодан ел малайдың күнін кешсе, тәуелсіздіктің құны қалайша биіктемейді?

Ұлтты тобыр деңгейінен биіктететін

оның тілі, ділі, мәдениеті, салт-санасы мен тарихы. Аталғанның барлығы халықтың рухани кескінін сұлбалайды. Жаһандану заманында тіл тазалығын сақтай алмаған, ғұрпы мен дәстүрін дәріптеп, тарихи соқпағымен түзу жүре алмаған ұлт тұғырынан тайқиды. Ұлттық сипаты бар ел ғана өзінің рухани дербестігін сақтайды. Халық өзгеге кіріптар болса, ол баласына бесік жырын қай тілде айтарын да таңдай алмай пұшайман болады. Ұлт рухани қасиеттері арқылы ұлт болып қала алады десек, сол ұлттық қасиеттер тек тәуелсіздік арқылы сақталады. Қолына бодандық шынжыры түскен жұрт өзіне табиғатынан тән сипаттарын сақтай алмайды. Нәтижесінде, бодан ел бостандығымен қатар, болмысынан айырылады. Түптен келгенде, тегіміз бен тамырымыздың сақталуы да тәуелсіздік бар да ғана мүмкін болмақ. Рухсыздық дерті дендеген дәуірде ұлттық реңктің тас кемел қорғаны – тәуелсіздік. Қазақ деген ұғымның қасиетін дербестік сақтаса ол қалай құнсыз болар?

Қазақ өзінің мыңжылдықтарға жалғасып келе жатқан сапарында сан түрлі сынақты көрді. Бірде бүкіл әлемге әмірі өтсе,

енді бірде өзгенің өміріне өзі тізе бүкті. Тұтас ұлтқа ажал қатері төнген тұманды шақтар да болды. Алайда, азат болып ғұмыр кешуді көкसेген халық асыл мұрат жолында талпынуын еш қоймады. Жығылып, сүрінсе де, сергелдең көріп, сарсылса да тайталасты. Алаш жолындағы арпалыста мыңдар емес, миллиондар опат болды. Жер аның құшағында жатқан сан батырдың ерлігі елге беймәлім болып келеді. Бүгінгі күніміз үшін біз мыңдарға борыштар болсақ, сол қалың топтың тек бірлі-жарымы ғана тарихтан өз орнын алды. Әлбетте, қазақтың еркі өзінде болмағандықтан, қорскерлердің есімі, өткен күннің ақиқаты, момын елдің көрген зобалаңы, жазықсыздардың төгілген қаны, ұлт қасіреті құпия болып тарқатылмай келді. Қазақтың сан құрбандығы өтеліп, тәуелсіздік таңы атқан кезде қолдағы қара кісен қақ айырылды. Ендігіде, егемендік арқылы қанды жолдың қасіретін әйгілеп, күллі жаһанға айтылмаған дала ақиқатын жеткізе алатын болдық. Осылайша, тәуелсіздік атаның әруағына

тағзым етіп, жазықсыз жапа шеккендердің есімін ұлықтауға, қазақтың өзі күні бүгінге дейін білмейтін шындықты тануға мүмкіндік берсе, ел өзін тани алса, қалай қымбат болмасын?

Егемендік қиялмен ғана өлшенетін сый емес. Ол өркендеу мен дамуға мүмкіндік беретін жаңа даңғыл. 30 жыл бұрын қан жұққан қирандылардың астынан алаш елі қайта көктеп шыққанда, үзілген сапар қайта жалғасты. Дала жүрегінде дүрсіл пайда болды. Ширек ғасырдан артық мерзімде елдің етек-жеңі жиналды. Босқан ағайын бауырымен табысты. Жердің қақ ортасында әлеуеті зор ел пайда болды. Қазақтың тоттанып кеткен береке дейтін тайқазаны қайта толды. Еркіндіктің уызына қанып, дербестіктің дәмін татып өскен буын қалыптасты. Бас шұлғып, бағынуға еті үйреніп кеткен ел, бас көтеріп, арман, мақсат қол білуді үйренді. Бастысы, ұлттың санасы мен дүниетанымы түбегейлі түрленді. Ел экономикада, ғылымда, өндірісте, шаруашылықта жаңа белестерді бағындырды. Бұл – егемендіктің бергені Тәуелсіздік бүгінде табыс деген сөздің сыңарына айналды. 30 жылда жеткеніміз бен алғанымыз аз емес. Қуанататыны дамуға сеп болатын негіз бар. Десек те, алпауыттар айқасқан, шартатап шарпысқан тұрақсыз уақытта жиған-тергеннен айырылып қалу қатері де жоқ емес. Оны болдырмаудың жалғыз жолы тәуелсіздікті сақтау. Демек, дербестік 30 жылғы жемісті істеріміздің, еңбегіміздің көпілі. Еркіндік елдің бақ-ырысы мен құт-берекесінің қорғанында тұрса, құны құлдырар ма?

Тәуелсіздіктің нақ құны қандай және ол қымбат па деген сұраққа, жауабы сұранып тұрған сауалдармен жауап бердік. Егемендік тек еркін өмір мен ерікті тұрмыс емес. Ол үлкен құрбандықпен келіп, қасиетті қазақ топырағы мен ұлттық болмыс-бедеріміздің бұзылмауына себепкер болатын, алашты ұлт ретінде азып, жоғалудан сақтайтын ғаламат күш. Арыстардың даңғылын жалғарғас ұрпақты тудырған, жаңа армандар мен мұраттарды қалыптастырған, кемел келешек сыйлаған уақыт. 3000 жылдықтың жаңа жеңістерге толы 30 жылдық шежіресін жазған алтын кезең. Өрлеу мен өсуге мүмкіндік беретін ірге тас қалыптасқан шақ. Бүгінгіміз бен ертеңіміз. Сайып келгенде тәуелсіздік тек еркіндікті білдірмейді. Ол әрбіріміздің тұрмысымызды кеңінен қамтып, тұтас елдің өмір сүруіне мүмкіндік береді. Қазақ үшін тәуелсіздік өмір және ұлт ұғымдарымен тең. Ендеше, тәуелсіздік қымбат па, жоқ па?..

**Айдын АЛТАЙ,**  
гуманитарлық факультеттің  
1-курс магистранты.

## ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ - ЕР ІСІ

(3 орын)

Тәуелсіздік әрбір мемлекеттің баға жетпес байлығы болып есептеледі. Өзінің ұлан байтақ жері, сан миллиондаған халқы бар мемлекеттен қарағанда, тәуелсіздігі бар мемлекет өлде қайда бай. Сондықтан да тәуелсіздік ең қымбат та, әрі бағалы байлық. Сол үшін тәуелсіздікке құрметпен қарап оны бар күш-жігерімізбен қорғауымыз керек.

Еліміз – Қазақстан тәуелсіздігін алғанына биыл 30 жыл толып отыр. Сол 30 жылдың ішінде біздің ел небір қиындықтар мен белестерді жеңіп, әлемге Қазақстан атын танытты. Сонау XVIII ғасырдан бастап Ресей патшалығына бағынышты болып келді, сол кездері еліміз неше түрлі қиындықтарды, сұрапыл ауыр соғыстарды басынан кешірді. Көп қиындыққа шыдап еліміздің болашағы үшін күресіп, өзінің рухын көтеріп, ерен еңбек етіп тәуелсіздікке қол жеткізіп берген ата-бабаларымыз да бір рахмет айтам және мақтаныш етем.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін елімізге жеке мемлекет болу оңайға соқпады. 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік алған соң елімізге сынақтар енді басталғандай еді. Еліміз бұл қиындықтарды да артқа тастап өзінің экономикасы мен мәдениетін дамытып әлемге танымал мемлекеттің бірі болды. Енді сол тәуелсіздік алғаннан кейінгі оқиғаларды хронологиялық ретімен атап өтсек. Сол жылы 1991 жылы 21 желтоқсанда Тәуелсіз мемлекеттер достастығы ұйымына мүше болдық, 1992 жылы 2 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылдандық және сол жылы 7 мамыр күні Қорғаныс

күштері мен 4 маусымда өзіміздің рәміздеріміз Ту, Елтаңба және Әнұранымызды қабылдадық. Ал 1993 жылы 15 қарашада ұлттық валютамыз теңгені қолданасыққа енгіздік. 1995 жылы 30 тамыз күні Конституциямызды бекіттік. 1996 жылы 26 сәуірде Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше болып қосылдық. Ал 1997 жылы 10 желтоқсанның бастап астанамыз Алматыдан Астанаға көшірілді.

Ата-бабаларымыз қара күшпен, қолына найза алып елін, жерін қорғап, ентелеген жаудан қорғай білген, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, елдігін сақтай білген.

Алашым, қазағым деп оқуға, білімге, елдікке шақыра білген Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов сынды азаматтардың есімі ұрпақ есінде мәңгі қалатыны анық. Қазаққа «қазақ» деген атауды қайтарып берген алаш азаматтары еді. 300 жыл Ресей империясының қысымымен, соның 70 жылы Кеңес үкіметімен күресте өтті. Аштықты да, соғысты да басынан өткізген қазақ халқы үшін «Тәуелсіздік» сөзі аузына бір тамшы су құйып, шипасын берген дәрімен тең.

Жылдар бойы ата-балаларымыз аңсаған тәуелсіздігіміз, оны сақтап, келесі ұрпаққа аманат етіп, елімізді қорғауымыз керек. Еліміздің болашағы үшін қызмет етіп Отанымыздың гүлденуіне үлесімізді қосайық.

**Абзал АСЫЛБЕК,**  
гуманитарлық факультеттің 1-курс студенті.



# ТӘУЕЛСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

(2 орын)

«Тоңдырды мені,  
Тоңдырды сені  
Желтоқсан желі  
ызғарлы.  
Солдырды гүлді,  
Оңдырды нұрды,  
Көңілде мұңды із  
қалды», – деген жыр жолдарымен қазақ даласының қасіретін дөп басқан, Әбдірахман Асылбековтің сөзіне жазылған «Желтоқсан желі» өнін тыңдағанда көзіне жас алмайтын, тамағына өксік тығылмайтын қазақ кемде кем. Осы бір әуен өуелегенде тар жол тайғақ кешу, бабалар мұраты, алаштың дербестікке ұмтылған ұлы жоспары, қасиетті қазақ баласының еркіндікке құлаш сермеген асқақ даласы көз алдыңызға келіп, жанардан домалаған жас жүзінді жуады. Қанға біткен қайсарлық, ұлт бағына жазылған бақыт, тектілігі тегіне түрен салған жасампаз ұлыс дегеніне жетті. Осынау жазиралы ұлы даланы ХХ ғасырдың соңында азалы болсада азат етті. Жаңағы домалаған жас



тарихи жеңіс пен жемістің яғни тәуелсіз, дербес, егеменді елдің қуанышының сығымы десек қателеспейміз. Ел іргесі бекемделіп, «менің өлім, менің жерім» деп жалпақ өлемге паш өткеніне биыл түп-тура отыз жыл. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерлігінің нәтижесінде бүгін кереметке көң, шаңырағымыз биік.

«Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер! Батырлар дүрілдеп өткен жер. Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер», – деп қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев жырлағандай, бұл өлке не көрмеді десеңізші! Ғасыр ағынымен қанды шайқасты да, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған бейбіт өмірді де, өзгелердің үстемдік етіп, билік жүргізгенін де, бірін-бірі жеуге дейін барған аштық заманды да, табиғаттың дүлей күшін де көрді, көлешек ұрпаққа жетуі үшін тасқа қашап, хатқа қаттап, мәңгі өшпестей сақтап жазды. Тәуелсіздік ұғымы ұлы тарих қойнауында я болмаса, сөреде шаң басып қалатын жәй дүние емес. Оның әрбір парағы зейінмен зерттелуі тиіс. Ол сүйегін қазық қылып қағып, қанымен шекараны сызған ата баба аманаты. Сан ғасырлар санасын сандалтып, түн ұйқысын төрт бөлген Тәуелсіздіктің таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында. Сондықтан да аға, орта, жас буын болып осынау тәңір сыйға тартқан қасиетті даланың әр тал шөбі мен жұпар ауасын, құндылықтарын қорғау біздің асыл борышымыз болмақ. Осындайда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының: «Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтауға міндеттіміз», – деген

түйінді сөзі күш-жігер береді. Түсініп, қорыта білгенге ел бұйдагерінің бұл уәжі айқын бағдар, ұлттық құндылықты сақтап, Тәуелсіздіктің тамырын тереңге жіберуге бағыт нұсқайды.  
XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіп игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Ғылым мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деп қадап айтып, шегендейді. Демек, «Тәуелсіздік – қымбат ұғым» деп ұрандатып, құр сөзбен пішен шауып, пікір таластырғанша ұлт пен ұлыстың ертеңіне, егемендіктің көкжиегіне еңбек етуге тиіспіз.  
Тәуелсіздік жас ұрпаққа мәңгілік рух пен арман, өшпейтін өмір сыйлады. Бұл дегеніміз, Алла басымызға бақыттың құсын жібергенмен парлар. Ертеңгі ел тағдыры мына біздер, өскелең ұрпақ қолында. Ол – қазіргі қоғамның басты мақсаттарының бірі саналы ұрпақ қалыптастырып, сапалы білім беру. Халықтың рухани сауатты, ұлттық сана-сезімінің өсіп жетілуіне қажетті жағдайды өзіміз қалыптастыруымыз қажет. Әр жас азамат осы тұрғыда өз білімі мен білігін шыңдаса, ол тек өзі үшін ғана емес бүкіл қоғам үшін үлкен өнеге болары сөзсіз.  
Осы тұста Асқар Алтайдың «Киллер сауысқан» әңгімесі ойма оралды. Онда айтылған ой менің ой өрісіме қатты әсер етіп, терең толғандырды. Қазақтағы «көзі ашық, көкірегі ояу» деген тұрақты тіркестің мәнін осы шығармадан аңғаруға болады. Шығармада шыққан

тегі белгісіз біреуден көрген өнерімен өз туған жерінің жан-жануарын қырған Қараш шалдың басындағы қасірет баяндалады. Үйренген өнері – сауысқанды тұғырға байлап қойып өзі аулаған аң-құстың екі көзін ойып алып, соған жем салып беру. Бір айдан кейін әлгі сауысқан тек көз ұясынан қоректенетін «көкжөдетке» айналып шыға келеді. Аңға алып шығып, балақ бауын босатсаң болды, аң біткеннің көзін ойып алады. Ал соқыр аңды Қараш еш қиналмастан қанжығасына байлайды... Обал мен зауалдың, сауап пен залалдың арасын ажырата алмағанның ақыры немен бітуші еді?! Әрине қасіретпен. Аң-құстың киесі жіберсін бе? Қараштың қаншама ұрпағының ішінен аман қалған жалғыз ұлынан соқыр ұл дүниеге келеді. Көзсіз ұл Бейкүне сәби тек қана түнек, қараңғылықты ғана біледі... Бұл әңгіме астарында не жатыр? Қоғам, оны құрушы адам соқырлыққа

ұрынбасын деген ой-түйін кез-келген оқырманын, оқырманын деймін-ау оның жасаған ортасын бей-жай қалдырмауға тиіс.  
Қорыта келгенде, көкжөдет қоғамның келу, келмеуі өз қолымызда. Көкірек көзінің ағып түсуі адамды рухани кембағал етеді. Рухани әлсіреу, қоғам тынысынан хабарсыз қалудың соңы қасіретке алып келмесе деймін. Басқалардың қолы жете бермейтін тәуелсіздіктің бізге келгені – баға жетпес мақтаныш, ұлы мәртебе, бақыт. «Бағаламағанға бақ қонбайды» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Басымыздағы бағалы бақтың қадіріне жете алсақ, түп-тамырымен ұштасып оның қасиетін түсіне білсек Тәуелсіздіктің таңы арайлап ата берері сөзсіз. Ұрпақ санасы соқыр болмаса, сауысқан көзін шоқыған соқыр сәбидей қараңғылықта қалмайтынымызға сенімім мол. Көк туымыз желбіреп, көсегеміз көгерген заманда көзіміз ашық, көкірегіміз ояу оғланның ойқастап, қараша халықтың мұң-мұқтаж, баянды тірлігі үшін қызмет атқаруы құбақұп. «Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып — көркеюі жолында жан тереңді сғыңп жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!», – деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың шұрайлы да шымыр жеткізген кемеңгерлігі алқар кеуденің айнасы болсын алаштың азаматы. Тәуелсіздігіміздің қымбаты мен сымбаты, тұғыры мен ғұмыры сенің және менің қолымда. Еңбек бізден, өнші Алладан!!!  
**Ақбота САЛИХ,**  
гуманитарлық факультеттің  
2-курс студенті.

## Құттықтау!

**Құрметті әріптестер, білімгерлер!**  
Сіздерді келе жатқан Жаңа 2022 жылмен шын жүректен құттықтаймыз!  
Жаңа жылда жағымды жаңалық көп, табыс толағай мол болсын! Әрбір игі істер мен жаңа бастамаларыңызға сәттілік серік болып, отбасыларыңызға баянды бақыт пен бақ-береке келсін! Жаңа 2022 жыл мерекелі, берекелі болып, мерейіміз үстем, беделіміз биік, абыройымыз асқақ болуына тілектеспіз! Ескі жыл есіркеп, табалдырығын аттағалы отырған жаңа жыл ырыс пен ынтымақтың, береке мен бірліктің, бейбітшілік пен бақыттың жылы болғай!



**Ізгі тілекпен: Экономика және сервис саласы бойынша Білім беру бағдарламасының мамандары және жетекші Түлешова Гүлнар Болатқызы.**



## Әріптесіміз «Samgau» жұлдісін алды

22 желтоқсан күні Б.Римова атындағы драма театрында Алматы облысы әкімінің дәстүрлі «Samgau» журналистер байқауының жеңімпаздары марапатталды. Бұқаралық ақпарат саласының жеңімпаз атанған мамандарының ішінде Жетісу университеті Медиаорталығының операторы Іңқар Базарханов та бар. Биыл 5 рет өткізіліп жатқан «Samgau» журналистер байқауында Іңқар «Үздік бейнеклип өңдеуші» номинациясы бойынша 2 орынға ие болды.

**Әріптесімізді айтулы жеңісімен құттықтаймыз!**



## РУХАНИ ЖОЛ КӨРСЕТЕТІН НАҚТЫ БАҒДАР

**КЕШЕГІ КҮН – БҮГІНГІ ТАРИХ, БҮГІНГІ КҮН – ЕРТЕҢГІ ТАРИХ ЕКЕНІН ЕСКЕРСЕК БҮГІНГІ ТАРИХЫМЫЗДЫ САУАТТЫ ЖАЗУ ЖОЛЫНДА АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТУ КЕРЕК ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫ ЖОЛЫНДА ҚОЛҒА АЛЫНҒАН СОНДАЙ ЕҢБЕКТИҢ КӨБІ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА АТҚАРЫЛЫП, НӘТИЖЕСІ ДЕ ШЫҒЫП ЖАТЫР. СОНЫҢ ІШІНДЕ ЕЛБАСЫ БАСА НАЗАРҒА АЛҒАН БІЛІМ САЛАСЫНДА ДА ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР КӨП. ЕЛДІҢ ДАМУЫ ҮШІН МЕМЛЕКЕТ ЖАСТАРҒА КӨП ЖАҒДАЙ ЖАСАП ОТЫР. БІЛІМ ГРАНТТАРЫ КӨБЕЙІП, ӘР ТҮРЛІ БАҒДАРЛАМАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫП КЕЛЕДІ.**

Мектептер жаңа технологиялармен қамтамасыз етіліп, жоғары оқу орындарында барлық жағдай жасалған. Мектепке дейінгі даярлық сыныптары мен балабақшалар да үш тілде білім алу жүйесіне көшкен.

Тәуелсіз Қазақстанның азаматтарына білім беруде, тәрбиелеуде педагог мамандардың үлесі зор. Үкімет тарапынан педагог мамандарға көптеген мүмкіндіктер жасалып, ұстаздар қағазбастылықтан босатылып, жалақысы өсіп, бағалау жүйесі де заманға сай өзгерген. Әлемдік тәжірибе – мұғалім мәртебесі жоғары болса және оларға жоғары базалық еңбекақы төленсе, онда көптеген дарынды адамдар мұғалім болатынын, мамандық мәртебесінің одан әрі арта түсетінін дәлелдеген. Осы үрдістің елімізде жүзеге аса бастағаны мемлекеттің білім саласына мән бергенінің белгісі.

«Білім мен тәрбие – егіз» дегендей, сауатты білім алу үшін бірінші бала тәрбиесін қалыптастыру керек. Тәртіп болған жерде ғана білім алушының білімі мен тәрбиесі көрініп тұрады. Оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданып, заман талабына сай жұмыс жасау мұғалімдердің жауапкершілігін арттырып отыр. Ол өте дұрыс, себебі мемлекетіміздің болашағы қазіргі мектептегі жас буын өкілдерінен басталады. Ал, білім саласындағы инновациялық өзгерістер мен педагог мамандардың біліктілігі осынау жарқын болашақтың кепілі.

Сондай-ақ, оқу сапасын жақсартудың тағы бір жолы, ол сапалы оқулық. Білімнің «Әліппеден» бастау алатындығын мектеп табалдырығын жаңа аттаған жас өрен жақсы біледі. Биылғы жылы «Әліппе» білім саласына қайта оралып, ата-аналарды қуантқан болатын. Одан бөлек қаншама оқулық жаңарып, мектеп бағдарламасына жаңаша өзгерістер еніп жатыр. Оқушылардың он бір жылдық білімін сараптап, жоғары оқу орнына жолдама беретін Ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесі де қатаң тәртіпте өтіп, таза білімді көрсетіп жатқаны көз қуантады. Одан бөлек білім беру ғимараттарына ерекше көңіл бөлініп келеді. Жаңа мектептер салынып,

ескі мектептер қайта жөнделіп, студенттерге арналған жатақханалар бой көтеруде.

Әлемді әуре сарсаңға салған пандемия кезеңінде білім беру жүйесі онлайн форматқа өтті. Тек өтіп қана қоймады, жаңа білім беру жүйесін қалыптастырды. Барлық оқушыны монитор алдына жинап, сабақ өту ұстаздар қауымы үшін қиын болды. Дегенмен, қиын-қыстау кезеңде жол тауып, үздіксіз білім берді. Оқушылар қашықтан білім алуды меңгеріп, жаңашылдықты жатсынбай қабылдады.

Пандемия халық санасына жаңаша өзгеріс алып келді. Оның бір дәлелі әлемдік пандемия эпидемиология және вирусология саласындағы мамандарды даярлау қажеттілігін айқындай түсті. Осы мақсатта Қазақстанның Ұлттық жоғары оқу орны «Вирусолог» мамандығын даярлайтынын хабарлады. Бұл білімнің жаңа салада да өркен жаятындығын көрсетеді.

Рухани жаңғыру – ол адамның ішкі жан-дүниесінің жаңаруы, сана-сезімінің жаңа өзгерістерді қабылдай білуі емес пе?.. Демек білім саласындағы кез-келген жаңашылдық пен өзгеріс рухани даму жолында жасалып жатқан еңбек екенін айта кету керек. Халқымызға рухани жол көрсететін нақты бағдардың бірнеше жылдан бері әр салада өз жемісін көрсетіп келе жатқандығын біреу білсе, біреу білмес. Дегенмен, білім саласындағы оң өзгерістер тайға таңба басқандай айқын көрініп тұр. Бұл жолда тек білім ғана емес, әрбір азаматтың рухани дамуы көзделген. Оның ішіне ғылым, кітап оқу, тәрбие жұмысы, заманға сай даму, көп тілділік, әлемдік тәжірибе барлығы да бар. Рухани тұрғыдан даму дегеніміз де осының барлығының бір тұста түйіскендігі емес пе? Олай болса елдігіміздің айғағын көрсетіп, жаһандық дамыған елдер қатарына енуге бағдар беретін, рухани дамуымызға септігін тигізетін жобалардың іске асуына неге атсалыспасақ?.. Болашақты бүгіннен бастайық!

**Динара МҰРАТБЕКОВА,**  
педагогика және психология  
білім беру бағдарламаларының  
оқытушы-дәріскері.

### ЖАСТАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

## Жаныңда жүр жақсы адам

*Біз, адамдар, өмірге келе салысымен ненің жаман, ненің жақсы екенін білмейміз. Уақыт өте келе, өмірді көре келе, кімнің кім екенін, ненің не екенін біле бастаймыз. Барлығы тек жақсылық болғанын қалайды, ал кейбіреу жақсылықты жамандықпен шатастырып алады. Жақсылық жылулықтың белгісі десе де болады. «Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей» демекші, жақсы адамның жақсы екенін ісінен, сөзінен, саған деген қарым-қатынасынан бірден білуге болады. «Жақсыны көріп жан семіреді» деп халық айтқандай, адам әрдайым тек жақсылыққа қарай ұмтылып, айналаға жақсы көзбен қарап, жақсылығын күн нұрындай шашып жүрсе, өзге жандар ол адамнан үлгі алады. Соған қарап бой түзейді, ой түзейді. Сенің айналаға қарым-қатынасың қандай болса, адамдардың сен туралы ойлайтын ойы да дәл сондай болмақ. «Жақсы адам жолдасынан танылады» дегендей, жолдастарыңмен араласатын кезде де мұқият болу керек.*



Заман сондай ма, әлде қазіргі біз сондай болып барамыз ба? «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, кейбіреулері жақсылығын емес, жамандығын бетіне басып отырады ғой. Қанша жерден жақсылығын көрсен де, бір жамандығын байқасаң, соны қай жерде болмасын жыр қылып айтып отыратындар да бар... Керісінше, жамандығын жасырып, жақсылығын асырып, мейлінше қолдап жүргенге не жетсін?.. Әрине, әркімнің өз санасына қарай ғой.

Барлығымыз өмірге шыр етіп келген сәттен бастап, әлемдегі ең қымбат, ең көрмет, екі асыл адамның мейірімін көріп өстік. Дәл, сол адамдардай ешкім бізге бар махаббатын, бар ықыласын, бар сезімін, бар жақсылығын үйіп-төгіп берген емес. Әрине, ол біздің ата-анамыз. Оларға қанша жерден алғыс айтсақ та, қарымтасын қайтара алмайтынымыз өкінішті. Ең алдымен ата-анамыз бізге жақсы тұлға болып қалыптасуды үйретті. Тек жақсы жолмен жүріп, айналаға жақсы көзбен қарауды үйретті. Міне, дәл осы күнге жетіп отырғанымыз сол кісілердің арқасы!

Менің ойымша, жақсы адамдар тек ата-анамен шектеліп қана қоймайды. Біз осы күнге дейін кездестірген ең жақсы адамдар ұстаздар, достар, туған туыстар. Бұл кісілер бізге керек кезде қол ұшын созып, керек кезде жаныңнан табылады. Осындай адамдар қашанда құрметке лайық. Мектеп табалдырығын аттағаннан-

ақ жымия күліп, алдымнан шыққан, қалам ұстатып, әріптерді үйреткен ұстаз бейнесі менің бала жүрегімнің төріне орнықты десе де болады. Ұстаздардан қанша ұрыс естісек те, ол кісілерге ренжісек те, олар ешқашан білім беруден танған жоқ. Жанашыр ұстаздарымыздың арқасында біз осы күнге жеттік. Ал, достардың арқасында біз уақытты көңілді өткізуді үйрендік, қиын кезде бір-бірімізге тіреу болып, қолдауды үйрендік. Достардың арқасында біз жаудың алдында жалғыз емес екенімізді түсіндік.

Қорытындылай келе, жанымызда жүрген жақсы адамдардың қадірін уақытында түсініп, сол кісілерге алғыс айтып, құрмет көрсетейік. Бәріміз бұл өмірде белгілі бір уақытқа дейін тұрақтаған қонақпыз. Дәм тұзымыз таусылғанша, жақсы адам болып жүрейікші?! Адамның асыл қасиетінің бірі – жақсылық жасай білу. Жақсылық пен игілікті іс жасау үлкен адамгершіліктің белгісі. Адам баласын игі істерге бастайтын ізгі жүректің қалауы да – жақсылық. Әрдайым тек жақсылықта өмір сүрейік дегім келеді. Ең бастысы, бұл өмірге адам болып келгеннен кейін, адам болып қалуды ойлайық!

**Айнұр НҰРЛАНҚЫЗЫ,**  
гуманитарлық  
факультеттің 3-  
курс студенті.

# ГЕРОИ СРЕДИ НАС

**16** ДЕКАБРЯ – ДЕНЬ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА. НАЦИОНАЛЬНУЮ ЧАСТЬ ЭПОХИ, НАПОЛНЕННУЮ ТРУДНОСТЯМИ И ДОСТИЖЕНИЯМИ, НЕЛЬЗЯ ВЫРВАТЬ ИЗ КОНТЕКСТА. НАШ ДОЛГ ПОМНИТЬ, КАКОЙ ОГРОМНОЙ ЦЕНОЙ СВОБОДА ДОСТАЛАСЬ НАМ. 30 ЛЕТ ПРОЛЕТЕЛИ В МГНОВЕНИЕ ОКА. А МЫ ВСЁ ИДЕМ МАЛЕНЬКИМИ ШАГАМИ К МЕЧТЕ, О КОТОРОЙ ЛЕЛЕЯЛИ НАШИ ПРЕДКИ, ОСТАВЛЯЯ СЛЕДЫ ОКРОВАВЛЕННЫХ НОГ НА СТРАНИЦАХ ИСТОРИИ. ВЕДЬ ДЕТИ ДОЛЖНЫ ЗНАТЬ, КАКИЕ ТРУДНОСТИ ВЫПАЛИ НА ДОЛЮ СТРАНЫ.

100 ЛЕТ ГОЛОДУ В КАЗАХСТАНЕ, 35 ЛЕТ ДЕКАБРЬСКИМ ВОССТАНИЯМ, УНЕСШИЕ ЖИЗНИ МИЛЛИОНОВ ЛЮДЕЙ. НЕОБХОДИМО ПО ДОСТОИНСТВУ ОЦЕНИТЬ МУЖЕСТВО И ПОДВИГ ГЕРОЕВ ЖЕЛТОКСАНА. И УЖ ТЕМ БОЛЕЕ ПОПУЛЯРИЗИРОВАТЬ, КОГДА ОНИ СРЕДИ НАС.

ЧТОБЫ ЗАЩИТИТЬ ЧЕСТЬ НАЦИИ, СОВСЕМ ЕЩЕ ЮНЫЕ ПАРНИ И ДЕВУШКИ СМОГЛИ ПОЙТИ ПРОТИВ ГНЕВА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ. ДА, ЭТО НАШИ МУДРЫЕ ПРЕПОДАВАТЕЛИ, ЛЮБИМЫЕ КОЛЛЕГИ, КОТОРЫЕ СИЛЬНЫ ДУХОМ И ОЧЕНЬ СКРОМНЫ.



— Как Вы относитесь к ранним подготовкам к новому году в нашей стране?

— Вот недавно был такой случай. Наш отдел решил поставить елку и подарить всем новогоднее настроение. Я сразу же возразила. Думаю, пусть пройдет День Независимости, а там уже и посмотрим. Многие учителя меня поддержали. Ведь студенты равняются на нас, и чтобы быть примером, думаю, нужно начать с себя.

— Первое, о чем Вы подумали?

— Мне было всего 19. Мы даже и не понимали, что творилось на верхушке страны. Самым обычным студентам, которые бегали между библиотекой и учебным помещением, вдруг стало интересно, из-за чего столько шума. Решили всё-таки сходить и убедиться. Вышли на площадь, а там митинг. Мирно собравшиеся жители города требовали отставки Колбина. Тысячи представителей казахской молодежи приняли участие в массовых протестах против коммунистической власти. Слова, что были сказаны, не покидали наши мысли. Нас поставили перед фактом. Естественно, общественность была возмущена. Ведь Кунаев пользовался уважени-

Гульжанат КУДАЙБЕРГЕНОВНА,  
участница декабрьских восстаний,  
преподаватель-лектор.



## ОНИ ЖЕРТВОВАЛИ СВОИМ ЗДОРОВЬЕМ И ЖИЗНЬЮ!

ем населения, и появление Колбина, не имеющего никакого отношения к Казахстану, вызвало очень сильное недовольство среди народа. Не страх, я бы сказала, надежда овладела разумом. Даже в холодные дни надежда не угасала.

— Где Вы были во время митингов?

— Я была в Алма-Ате. 16 декабря, как сейчас, помню, вечером к семи, подбежала наша староста Алия. Вся в слезах она начала говорить, что на улицах царит хаос. Кого смогли поймать, поливали из шланга холодной водой и били дубинками. Никого не щадили. А сами они еле выбрались оттуда.

— Что чувствовали?

— Просто дрожь бежала по всему телу. Через несколько часов к нам пришли уже незнакомые парни. Они спрашивали, не мучает ли нас совесть, как мы можем сидеть сложа руки. И вправду, нам нужно было действовать. Кто, если не мы. Что-то проснулось внутри. Быстренько одев, что попало под руку, пешком пошли в сторону центра. Несмотря на холодную погоду, было много народа. Как и все остальные студенты, присоединились к протестующим. В руках у многих были транспаранты и лозунги: «Каждому народу — своего руководителя!», «Нам нужен руководитель — казах!», «Хватит диктовать!», «Идет перестройка, где демократия?», «Мы за ленинскую национальную политику!». Каждый молвил слово. В

основном все требовали, чтобы сам Кунаев вышел к людям и объяснился. Не было ответа. После долгих споров, было решено, что 5 человек смогут пойти на переговоры. До утра жгли костры и все вместе пели композицию «Менің Қазақстаным», на домбре исполнялись разные национальные кюи. Рядом с нами ходили и пострадавшие после ночной бойни. Словами тяжело описать.

— Как готовились?

— Никак. У нас не было ни плакатов, ни рисунков.

— Где правду отыскать?

— Я, лично, не видела ни одного человека в состоянии наркотического опьянения. Хотели выставить казахскую молодежь пьяницей, чтобы никто не обратил на них внимания. Высмеивали участников антиправительственных акций, используя такие выражения, как «наркоманы», «члены преступных группировок». Это сплошная клевета. Своего рода система политическая.

— Какой статус у «декабристов»?

— А этот вопрос о статусе «декабристов» остаётся открытым до сих пор. Ведь декабристы, выражая волю и чаяния народа, мучительно продолжили борьбу за идею свободы Республики. Они жертвовали своим здоровьем и жизнью! Я считаю, что их нужно приравнять к ветеранам Великой Отечественной войны.

## НАС ПЕРЕПОЛНЯЛА ГОРДОСТЬ, А НЕ СТРАХ!

Холодные декабрьские дни я запомнила на всю жизнь. История, надеюсь, тоже не забудет. Зима 86 года оставила свой злоедейский след. Тьма поглотила всю чистоту и белизну. Мы были еще детьми, которые толком и не осознавали всю стратегию властей.

Был урок истории. Долго беседовали с преподавателем о том, что в каждой нации должен быть свой лидер. Он, конечно же, поддержал эту мысль. Расспрашивали и про казахских ханов и би. Вся история наша — символ огромного патриотизма. Надо помнить многолетние битвы с джунгарами, где наши бесстрашные джигиты на века прославили мощь и стойкость казахского народа. Мы прошли огонь и воду, достойно сохраняя национальный дух и сла-



Улсерик КЫДЫРБАЙКЫЗЫ,  
участница декабрьских восстаний,  
преподаватель-лектор.

ву, мужественно сражаясь за независимость. Имена легендарных батыров и сарбазов навечно вписаны в историю. А ведь тогда, мы и не знали, что в будущем сами станем частью этой истории.

В середине урока мы собрали группу и вышли на площадь. Было много молодежи и людей среднего возраста. Пели патриотические песни. У всех были лозунги. Нас переполняла гордость, а не страх.

18 декабря был допрос, нам показывали фотографии ребят и спрашивали, знаем ли мы их. Не дали никакой информации. Держали под стражей, никуда не выпускали.

Сегодня понимаем, что не зря была пролита кровь декабристов. Благодаря им мы обрели независимость. Но стали свидетелями духовного застоя. Подражая во всем другим странам, потеряли свое сокровенное. Думаю, необходимо заполнить эти пробелы.

ПРОДОЛЖЕНИЕ. НАЧАЛО НА 7-СТР.

# ЦЕЛОВАЛИ РУКИ ЗЕЙНЕП АХМЕТОВОЙ

Невестка Героя Советского Союза, «Народного героя», легендарного Бауыржана Момышулы Зейнеп Ахметова помогала, всячески поддерживала декабристов. Ее сын Ержан Момышулы наш друг. Был такой случай. У Улбалы Алишевой не было денег даже на еду. А Нурымжан в то время был задержан и сидел в тюрьме. Она чувствовала бессилие и отчаяние из-за рухнувших надежд. Не знала, что делать и как быть. Безысходность прожгла изнутри, невыносимое непонятное чувство. Совсем запуталась. Была очень подавлена. Где начало и где конец? Билась о стенки своего разума и



не смогла вырваться наружу. Все попытки были тщетны.

...И тут послышался стук в дверь. Это был Ержан с полной сумкой продуктов. А в конверте лежали деньги на расходы.



Муратбек ИМАНГАЗИНОВ,  
участник декабрьских восстаний,  
доктор филологических наук, профессор.

шалась с печалью...

Оказалось, что Зейнеп апай сама приготовила еду и попросила его передать. Нурымжан Мауытов часто вспоминал об этом и плакал. Молча, глотая слезы. Радость победы сме-

Она была нам родной. Никогда не забудем милосердие и щедрость этой великой мудрой и доброй женщины. А при встрече всегда обнимали крепко и целовали ее руки.

## «БҰРҚАСЫН-86»

*Бет қаритын ызғарда,  
Қара жер суық сыз барда,  
Ұмытпа, қарғам, өткенді.  
Шұнақ аяз қыстарда,  
Көңілде мұңды із барда,  
Жиі ал, еске, көктемді.*

*Сары аяз, қара түнек,  
Қолында сапёр күрек,  
Қоймайды жанды*

*қинамай.*

*Қалқам, жұдырық жүрек,  
Соғады тулап, түлеп,  
Атылып кетер минадай.*

*Тау, тасты асып,  
Тығылып, қашып,  
Тарқалар қашан ашты*

*шер?*

*Кетсе де қашық.  
Тастай су шашып,  
Бермейді маза қанішер!*

*Көр соқыр итке  
талатты,  
Торына темір қаматты,  
Ерік, Тілек, Қайратты.  
Кеудеден өксік қан ақты,  
Бұйырта көрсін*

*жәннатты,*

*...қанды қызыл таң*

*атты.*

*Білмесек, қалқам, қадірін,  
Іздеп тауып, қабірін,  
Батырға құран*

*бағышта!*

*Айтатын саған бұл*

*сырым.*

## ЭТО БЫЛ МИРНЫЙ МИТИНГ



Онербек ХУАНГАН,  
историк, преподаватель-ассистент по образовательной программе социально-гуманитарного направления.

— 1986: восстание или событие?

Мы пережили период расцвета колониальной политики. За эти 300 лет наш народ боролся против империи за свободу и организовал более 300 больших и малых восстаний. Конечно, конец борьбе, начавшейся с вооруженного сопротивления хана Кене, был положен после декабрьского восстания в Алматы, и мы добились той независимости, о которой мечтали наши предки. Но смогли ли мы дать полную

политическую оценку восстанию около 20 000 человек, вышедших на улицы Алматы 35 лет назад?

Это мирный митинг, событие, беспорядки или национально-освободительное восстание? Давайте рассмотрим эти вопросы подробнее.

Мирный митинг...

Исклучение Динмухамеда Кунаева из Первого секретариата ЦК Компартии Казахстана и назначение на его место Геннадия Колбина вызвали возмущение местного населения. С политической точки зрения, это не просто протест, а рост национального самосознания, казахского народа того времени.

Например, утром 17 декабря на улицу вышло всего около 300 человек, а к вечеру их число превысило 10 тысяч. 18 декабря их число достигло около 20 тысяч. Таким образом, казахские юноши и девушки, которые несли лозунг «Пусть у каждого народа будет свой лидер», хотели мирно выразить свои политические взгляды.

Это не политическое событие. Почему? Потому что, власти применили силу, разогнали молодежь, всех преследовали и вопрос не был решен мирно.

Восстание

В 2007 году депутат Мажилыса Нуртай Сабилянов официально назвал инцидент декабрьским национально-освободительным восстанием. Согласно научной теории, национально-освободительное восстание — это борьба за независимость, устранение иностранного господства, колониального гнета и эксплуатации. Если честно, конфликт декабря 1986 года полностью соответствует этому заявлению. Есть несколько убедительных фактов.

— Были ли другие причины восстания?

— Да. Причина, кстати, более конкретная, которая до сих пор остаётся в тени. В августе 1986 года была объявлена кампания по борьбе с нетрудовыми доходами. Тысячи людей остались на улице. Особое возмущение вызвало явное противоречие между традиционно-командными действиями центра и провозглашаемыми демократическими принципами перестройки. Накопившиеся серьезные недостатки в общественно-социальной и культурной сферах, обострение национального вопроса породили гнев и возмущение молодежи.



7-8 стр. подготовлены Алтынай МАХИМОВОЙ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

Медиаорталық басшысы  
Баян Шаянбаева

Бас редактор: Н. Дутбаева  
Тілші: С. Әшірбекова  
Корректор: А. Махимова  
Дизайнер: Н. Елшібеков  
Фотограф: І. Базарханов

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:  
Талдықорған қаласы,  
Жансүгіров көшесі, 187а.  
Байланыс телефоны: 223329

Индекс 64568  
Тапсырыс №1273  
Таралым 2000 дана